

«БЕКІТІЛДІ»
«Фридом Финанс» АҚ
Директорлар кеңесі
(12.12.2018 ж. №12/12 хаттама)

«КЕЛІСІЛДІ»
Қазақстан Республикасының
Ұлттық банкі
2017 жылғы «_____» _____

«Фридом Финанс» АҚ басқаратын
«GoodWill KZT» ИНТЕРВАЛДЫ
ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ ПАЙ ҚОРЫНЫҢ
Е Р Е Ж Е С І
(жаңа редакцияда)

Алматы қ-сы,
2018 жыл

Осы «GoodWill KZT» интервалды инвестициялық пай қорының Ережесі (бұдан әрі Қордың ережесі) Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінің, «Инвестициялық және венчурлік қорлар туралы» Қазақстан Республикасының 2004 жылғы 7 шілдедегі №576-II Заңының, «Бағалы қағаздар рыногы туралы» Қазақстан Республикасы Заңының және Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілерінің талаптарына сәйкес әзірленген және осы қордың құқықтық жағдайын, осы қордың құрылу, қызмет етуі мен қызметін тоқтату шарттары мен тәртібін, басқарушы компанияның және оның қызмет етуін қамтамасыз ететін өзге де тұлғалардың міндеттері мен құқықтарын, осы қордың пай ұстаушыларының құқықтары мен міндеттерін, оның активтерін инвестициялау шарттарын, сондай ақ қордың қызмет етуінің өзге де мәселелерін айқындайды.

1. Инвестициялық пай қорының атауы

инвестициялық пай қорының мемлекеттік тілдегі толық атауы:

«GoodWill KZT» интервалды инвестициялық пай қоры (бұдан әрі-Қор);

инвестициялық пай қорының орыс тіліндегі толық атауы:

Интервальный паевой инвестиционный фонд «GoodWill KZT»;

Қордың мемлекеттік тілдегі қысқартылған атауы:

«GoodWill KZT» ИИПҚ;

Қордың орыс тіліндегі қысқартылған атауы:

ИИПФ «GoodWill KZT».

2. Қордың басқарушы компаниясының толық атауы және орналасқан жері

Толық атауы: «Фридом Финанс» акционерлік қоғамы (бұдан әрі – Басқарушы компания);

Орналасқан жері: индекс 050040, Қазақстан Республикасы, Алматы қ-сы, Бостандық ауданы, Әл-Фараби д-лы, 77/7, т.е.ж.3а

Бағалы қағаздар нарығында қызметті жүзеге асыруға № 3.2.238/15 лицензияны Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі 2018 жылғы 02 қазанда берген, ол келесі қызмет түрлерін жүзеге асыру құқығын береді:

- 1) номиналды ұстаушы ретінде клиенттердің шоттарын жүргізу құқығымен бағалы қағаздар нарығындағы брокерлік және дилерлік қызмет;
- 2) ерікті зейнетақы жарналарын тарту құқығынсыз инвестициялық портфельді басқару қызметі.

Бағалы қағаздар нарығында қызметтің келесі түрлерін жүзеге асыруға лицензиялар туралы алғаш рет алынған деректер:

Қазақстан Республикасының Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу және қадағалау агенттігі 2007 жылғы 21 наурызда берген № 0401200621 инвестициялық портфельді басқару қызметімен айналысуға арналған;

Қазақстан Республикасының Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу және қадағалау агенттігі 2007 жылғы 21 наурызда берген №040321437 номиналды ұстаушы ретінде клиенттердің шоттарын жүргізу құқығымен бағалы қағаздар нарығындағы брокерлік және дилерлік қызметке арналған.

3. Қор кастодианының толық атауы және орналасқан жері

«Қазақстан Халық Банкі» акционерлік қоғамы, Қазақстан Республикасы, 050008 Алматы қаласы, Әл-Фараби даңғылы, 40.

4. Қордың Басқарушы компаниясына аудитті жүзеге асыратын аудиторлық ұйымның толық атауы, лицензиялардың деректемелері және аудиторлық ұйымның орналасқан жері:

«Делойт» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі, орналасқан жері: Қазақстан Республикасы, Алматы қ-сы, 050059, Әл-Фараби даңғылы, 36, Алматы қаржы орталығы,

«Би» ғимараты;

- аудиторлық қызметті жүзеге асыруға мемлекеттік лицензия № 0000015, сериясы

МФЮ-2 2006 жылғы 13 қыркүйегінде Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі берген. Жарамдылық мерзімі: «мерзімі шектелмеген».

5. Қордың сипаттамасы және Қордың пайы

1. ««Инвестициялық және венчурлік қорлар туралы» Қазақстан Республикасының 2004 жылғы 7 шілдедегі №576-ІІ Заңының (бұдан әрі – Заң) ережелеріне сәйкес :

1) инвестициялық пай қоры - пайға, сондай-ақ оларды инвестициялау нәтижесінде сатып алынған өзге де активтерге ақы төлеуден алынған, пайларды ұстаушыларға ортақ үлестік меншік құқығымен тиесілі және басқарушы компанияның басқаруындағы ақша жиынтығы.

Инвестициялық пай қоры заңды тұлға болып табылмайды.

Қор активтеріне меншік құқығындағы үлес Басқарушы компания шығарған паймен куәландырылады.

Қордың активтерін оның пайларын ұстаушылар арасында бөлуге және олардан заттай үлесті бөлуге жол берілмейді.

Қор активтерінің ең төменгі мөлшері Қазақстан Республикасының тиісті қаржы жылына арналған республикалық бюджет туралы заңнамалық актісінде пайларды шығаруды тіркеу күніне белгіленген елу мың айлық есептік көрсеткішті құрайды;

2) интервалдық инвестициялық пай қоры өзінің пайын ұстаушысына Заңда және Қордың ережесінде көзделген жағдайларда, шарттармен және тәртіппен Басқарушы компаниядан пайды сатып алуды талап ету құқығын береді.

2. Қордың пайларын ұстаушы мыналарды талап етуге құқылы емес:

1) Қордың пайларын ұстаушылардың жалпы жиналысын өткізу;

2) Қордың активтерін басқаруға қатысу;

3) осы Ережеге сәйкес келмейтін шарттармен және тәртіппен акцияларды сатып алу.

3. Қордың пайы– келесіні растайтын құжатталмаған шығару нысанындағы атаулы эмиссиялық бағалы қағаз:

1) оның меншік иесінің инвестициялық пай қорындағы үлесі;

2) Қордың ережесінде анықталған жағдайларда, шарттармен және тәртіппен пайды сатып алу үшін;

3) Қордың активтерін сатудан оның жұмыс істеуі тоқтатылған кезде алынған ақшаны алу құқығы.

Пайдың бағасы және бір ұстаушыға тиесілі пайлардың саны бөлшек сандармен көрсетілуі мүмкін.

Пайды сатып алу инвестордың Қорды сенімгерлікпен басқару шартына қосылуын куәландырады.

Пай ұстаушының өз пайын шеттетуі сенімгерлікпен басқару шартының бұзылуын білдіреді.

Пайларды бастапқы орналастыру кезінде Қор пайының номиналды құны **1 000 (бір мың)** теңгені құрайды.

Пайларды төлеу үшін инвесторлар (пайларды сатып алушылар) енгізетін ақша сомасының ең аз мөлшері, егер басқарушы компанияның тиісті шешімімен өзгеше анықталмаса, кем дегенде **100 000** (жүз мың) теңге болуы тиіс. Пайларды төлеу үшін енгізілетін ақша сомасының кейінгі мөлшері кемінде **10 000** (он мың) теңгені құрайды.

Қордың пайларын ұстаушылар Қор активтерін сенімгерлікпен басқаруға байланысты туындайтын міндеттемелер бойынша жауап бермейді және шығындар тәуекелін, оның ішінде Қор активтерінің нарықтық құнының өзгеруіне байланысты тәуекелді өздеріне тиесілі пайлар құнының

шегінде көтереді.

Қордың пайлары сауда-саттықты ұйымдастырушылардың сауда жүйелерінде орналастыруға және айналысқа жіберілуі мүмкін. Қор пайларын ұстаушылар, инвесторлар Қордың пайларын ұйымдастырылмаған бағалы қағаздар нарығында, ал акция «Қазақстан қор биржасы» АҚ ресми тізіміне енгізілген жағдайда, сондай-ақ ұйымдастырылған бағалы қағаздар нарығында сатып алуға және сатуға құқылы.

4. Осы ережеге сәйкес ақпаратты жариялау үшін пайдаланылатын негізгі бұқаралық ақпарат құралы <http://almaty-ffin.kz> Интернет желісіндегі Басқарушы компанияның веб-сайты болып табылады.

Қордың пайларын ұстаушылардың саны елу адамнан (субъектілер, оның ішінде инвестициялық пай қорлары) аспаған сәтке дейін осы Ереженің талаптарына және Қазақстан Республикасының инвестициялық қорлар туралы заңнамасына сәйкес Қор пайларының барлық иелеріне міндетті түрде ашылуы тиіс ақпаратты тарату қордың барлық акционерлеріне жазбаша хабарламаларды тікелей жіберу арқылы жүзеге асырылады.

5. Осы Ережеде пайдаланылатын негізгі ұғымдар келесіде анықталған ұғымдарға ұқсас: «Инвестициялық және венчурлық қорлар туралы» Қазақстан Республикасының Заңы, «Бағалы қағаздар нарығы туралы» Қазақстан Республикасының Заңы, және қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалауды жүзеге асыратын мемлекеттік органның нормативтік құқықтық актілері.

6. Басқарушы компанияның Басқарма Директорларының кеңесі Заңға және осы Ережеге сәйкес шешім қабылдайтын мәселелерді қоспағанда, Қордың жұмыс істеу шарттары мен тәртібіне қатысты басқарушы компанияның барлық шешімдерін басқарушы компанияның инвестициялық комитеті қабылдайды және бекітеді.

6. Қордың активтерін сенімгерлікпен басқару шарты

Бұдан әрі «Басқарушы компания» деп аталатын «Фридом Финанс» АҚ, бір тараптан, және бұдан әрі «пай ұстаушылар» деп аталатын инвесторлар (Қордың пайларын сатып алушылар немесе ұстаушылар), екінші тараптан, бірлесіп «Тараптар» деп аталатын, осы Қордың активтерін сенімгерлікпен басқару шартын (бұдан әрі – Шарт) төмендегілер туралы жасасты:

1. Негізгі ережелер

1.1 Осы Шарт қосылу шарты болып табылады, оның талаптарын басқарушы компания Қордың Ережесінде анықтайды.

1.2 Шарттың талаптарын пайларды ұстаушылар аталған Шартқа тұтастай қосылу арқылы ғана қабылдай алады.

1.3 Шартқа қосылу Қордың пайларын сатып алу арқылы жүзеге асырылады. Инвестордың Қордың пайларын сатып алуға берген өтінімі инвестордың Шартқа қосылуға еркін білдіру туралы құжат болып табылады.

2. Шарттың пәні

2.1 Осы Шартпен пайларды ұстаушылар ақшаны аударады, ал Басқарушы компания сатып алынған пайлардың төлемі ретінде енгізілген пайларды ұстаушылардың ақшаларын «GoodWill KZT» Интервалды инвестициялық пай қорына (бұдан әрі – Қор) оның басқа пайларды ұстаушылардың ақшасымен біріктіру және қордың Ережесіне және Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес кейіннен инвестициялау мақсатында сенімгерлік басқаруға қабылдайды.

2.2 Пайларды төлеуге арналған ақша оны орналастыру кезінде кастодиандық қызмет көрсету шартына сәйкес кастодиан – «Қазақстан Халық Банкі» АҚ қор шотына аударылады.

2.3 Басқарушы компания Қордың пайларын инвесторға осы Ережеге сәйкес айқындалған күн бойынша сатады.

2.4 Қордың пайларына а меншік құқығы бағалы қағаздарды ұстаушылардың тізілімдері

жүйесін жүргізетін ұйымда немесе номиналды ұстаушыларда Қордың пайларын ұстаушылардың тізілімдері жүйесінде тіркелуге және есепке алынуға жатады.

2.5 Пайларды ұстаушылардың ортақ үлестік меншіктегі қор активтеріне құқығы басқарушы компания шығарған пайлармен куәландырылады. Пайларды ұстаушылардың активтерін (пайларды ұстаушылардың үлесін) қордың активтерінен заттай нысанда бөлуге жол берілмейді.

2.6 Пайларды ұстаушылардың активтерін басқаруды оларды қорға біріктіру және жалпы қор активтерін басқару арқылы басқарушы компания жүзеге асырады.

2.7 Осы Шарт бойынша пайда алушылар пайларды ұстаушылар болып табылады.

2.8 Басқарушы компания қордың активтерін өз атынан, бірақ пайларды ұстаушылардың мүддесі үшін және Қордың ережесінде және Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында белгіленген тәртіппен қор активтерінің есебінен жүзеге асырады.

2.9 Қордың активтерін басқарушы компанияның қарыздары бойынша өндіріп алуға жол берілмейді, ал егер басқарушы компания дәрменсіз (банкрот) деп танылса, қордың активтері банкроттық массасына қосылмайды.

2.10 Қордың активтеріне пайларды ұстаушылардың қарыздары бойынша өндіріп алуға жол берілмейді. Заңды тұлға немесе жеке кәсіпкер болып табылатын пайларды ұстаушылар таратылған немесе банкрот болған жағдайда, конкурстық массаға пайларды ұстаушыларға тиесілі қордың пайлары қосылады.

2.11 Пайларды ұстаушы-жеке тұлға қайтыс болған жағдайда, пайларды ұстаушыға тиесілі қордың пайлары мұрагерлік массаға қосылады.

3. Қордың активтерін есепке алу және сақтау

3.1. Қордың активтерін есепке алуды және сақтауды кастодиан Қордың ережесіне, кастодиандық қызмет көрсету шартына, Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына және кастодианның ішкі құжаттарына сәйкес жүзеге асырады.

4. Басқарушы компанияның құқықтары мен міндеттері

4.1 Басқарушы компания мыналарға құқылы:

1) қордың активтеріне қатысты кез келген мәмілелер мен іс-әрекеттер жасау арқылы қордың мүлкін сенімгерлік басқаруды жүзеге асыруға және қор туралы ережеге және Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес сенімгер басқарушының құқықтарын пайдалануға;

2) қор активтерінің құрамына кіретін қаржы құралдарымен куәландырылған барлық құқықтарды, оның ішінде акционерлердің/пайларды ұстаушылардың жалпы жиналыстарына қатысу құқығын және дауыс беретін бағалы қағаздар бойынша дауыс беру құқығын жүзеге асыруға;

3) қордың активтерін сенімгерлікпен басқару жөніндегі қызметті жүзеге асыруға байланысты сотта талап қоюға және талап қоюда жауапкер болуға;

4) қор ережесіне өзгерістер мен толықтырулар енгізуге бастамашылық етеді;

5) қор активтерінің есебінен қордың жұмыс істеуін қамтамасыз етуге байланысты шығыстарды өтеуге және қор туралы ережеге және Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес осы Шарт бойынша міндеттемелерді орындағаны үшін сыйақы алуға;

6) қор туралы ережеге және Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес өзге де құқықтарға.

4.2 Басқарушы компания мыналарға міндетті:

1) қор туралы ережеге және Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қордың мүлкін пайларды ұстаушылардың мүддесінде сенімгерлік басқаруды жүзеге асыруға;

2) қордың активтерін басқаруда ең жақсы нәтижелерге қол жеткізу үшін парасатты және адал әрекет етуге;

3) қор активтерінің өз активтері мен басқа инвестициялық қорлардың және басқарушы компания клиенттерінің активтерінің қозғалысын, құрамы мен құнын бөлек есепке алуды жүзеге асыруға, сондай-ақ қор активтерінің құнын (бағалауға/қайта бағалауға) және Қордың ережесінде және Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен оларды кейіннен орналастыру кезінде қор пайының есептік құнын айқындауға;

4) қор активтерінің құнын, қозғалысын және құрамын кастадионмен мерзімдік (айына кемінде бір рет) салыстырып тексеруді жүзеге асыруға;

5) айына бір рет пайларды ұстаушыларды Қордың ережесінде және Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен қордың таза активтерінің құрамы мен құны, сондай-ақ қор пайының болжамды құны туралы хабардар етуге;

6) қор Ережесінің және Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына сәйкес есептілікті ұсынуға және қор туралы ақпаратты ашуға;

7) Ережеде және Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген мерзімдерде пайларды ұстаушылардың мүліктік құқықтарын тіркеу үшін тіркеушіге бұйрықтар жіберуге;

8) Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында және Қордың ережесінде тікелей көзделген өзге де шектеулерді сақтауға міндетті.

4.3. Басқарушы компанияның, нәтижесінде Қордың ережесінде және Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген талаптар бұзылатын, қордың активтерімен мәмілелер жасауға құқығы жоқ.

5. Пайларды ұстаушылардың құқықтары мен міндеттері:

5.1. Пайларды ұстаушылар мыналарға міндетті:

1) осы Шарттың талаптарын, Қордың ережесін және Қазақстан Республикасының инвестициялық қорлар және бағалы қағаздар нарығы туралы қолданыстағы заңнамасын сақтауға;

2) қордың тіркеушісіне деректемелердің барлық өзгерістері (жеке куәліктің/мемлекеттік тіркеу туралы куәліктің нөмірі мен берілген күні, ресми мекенжайы), құрылтайшылық және басқа да бұрын ұсынылған құжаттардағы өзгерістер, сондай-ақ өздерінің төлем деректемелерінің өзгерістері туралы осындай өзгерістер болған күннен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде хабарлауға міндетті;

3) уәкілетті тұлғалардың құрамы өзгерген жағдайда сол жұмыс күні тіркеушіге уәкілетті тұлғалардың тізімінен шыққан адамдардың сенімхатының күші жойылғаны туралы хабарлауға және тіркеушіге жаңа уәкілетті тұлғаларға сенімхатты беруге міндетті.

5.2. Пайларды ұстаушылардың мыналарға құқығы бар:

1) Қордың ережесінде анықталған жағдайларда, шарттармен және тәртіппен пайларды сатып алуға;

2) Қордың ережесіне және Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына сәйкес басқарушы компаниядан қордың таза активтерінің құрамы мен құны туралы, сондай-ақ қор пайының есептік құны туралы ақпарат алуға;

3) қордың жұмыс істеуі тоқтатылған кезде қор активтерін сатудан алынған ақшаны алуға;

4) Қордың ережесіне және Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес өзге де құқықтарға.

6. Басқарушы компанияның сыйақысы:

6.1 Қордың активтерін сенімгерлік басқару бойынша қызметтерді көрсеткені үшін басқарушы компания қордың Ережесіне сәйкес сыйақы алады.

6.2 Осымен пайларды ұстаушылар басқарушы компанияның өзіне тиесілі сыйақыны ұстап қалуға және қор активтерінен тиісті сомаларды есептен шығару арқылы оның қор активтерін басқаруға жұмсаған шығыстарының сомаларын өтеуге құқығын растайды.

6.3. Пайларды ұстаушылар, сондай-ақ, басқарушы компанияның сыйақысын төлеуге және

қордың активтерін басқаруға жұмсалған шығындарды өтеуге қор активтерінде ақша болмаған жағдайда, басқарушы компанияның қор активтерінен қаржы құралдарының қажетті санын іске асыру және басқарушы компанияның шығыстарын өзінің пайдасына өтеуге жататын сыйақы мөлшерінде есептен шығару құқығын растайды.

7. Күпиялылық. Ақпаратты ашу

7.1 Тараптар осы Шартты орындау барысында өздеріне белгілі болған және рұқсатсыз тарату кез келген тарапқа зиян келтіруі мүмкін ақпаратты (бұдан әрі – күпия ақпарат) күпия сақтауға, үшінші тұлғаларға бермеуге және пайда алу мақсатында пайдаланбауға міндеттенеді.

7.2 Басқарушы компания күпия ақпаратқа рұқсатты тек осы Шартты орындау үшін қажет адамдарға, оның ішінде пайларды ұстаушылар олар туралы мәліметтерді алдын ала ұсынған уәкілетті өкілдерге, сондай-ақ заңнамада белгіленген жағдайларда және тәртіппен Қазақстан Республикасының заңнамасында мұндай ақпаратты алуға уәкілеттік берілген басқа да тұлғаларға беруге міндеттенеді.

7.3 Тараптардың кез келгені күпия ақпаратты осы Шарттың талаптарын бұза отырып жариялаған немесе таратқан жағдайда, кінәлі Тарап Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес мұндай ақпаратты ашудың нәтижесінде басқа Тарап шеккен залалдарды өтеумен жауапты болады.

8. Тараптардың жауапкершілігі

8.1 Тараптар осы Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындамағаны немесе тиісінше орындамағаны үшін Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жауапты болады.

8.2 Қордың пайларын ұстаушылар қордың активтерін сенімгерлік басқарудан туындайтын міндеттемелер бойынша жауап бермейді және өздеріне тиесілі пайлар құнының шегінде қор активтерінің нарықтық құнының өзгеруіне байланысты шығындарды қоса алғанда, шығындар тәуекелін көтереді.

8.3 Қордың мүлкі жеткіліксіз болған жағдайда қордың мүлкін тиісінше басқарудан туындаған берешектерді өндіріп алу басқарушы компанияның жеке меншігідегі мүлігіне бағытталуы мүмкін.

8.4 Қорды басқарушы компания Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес оның қызметі туралы ақпараттың мазмұнына, қордың таза активтерінің құрамы мен құнын сипаттайтын көрсеткіштерге, оның ішінде анық емес, толық емес немесе жаңылыстыратын ақпаратты таратқаны немесе жариялағаны үшін, сондай-ақ оны уақтылы таратпағаны немесе жарияламағаны үшін жауапты болады.

8.5 Басқарушы компания пайларды ұстаушылардың алдында осы Шарт бойынша пай ұстаушылардың міндеттемелерін орындамау немесе тиісінше орындамау нәтижесінде келтірілген залал үшін, оның ішінде басқарушы компанияның пай ұстаушылардан осы Шарттың 5.1-тармағының 2)-3)-тармақшаларына сәйкес мәліметтердің өзгеруі туралы ақпаратты алмауының немесе уақтылы алмауының салдарынан келтірілген залалдар үшін, сондай-ақ Қордың ережесінде анықталған басқа да жағдайларда жауапты емес.

8.6 Басқарушы компания төмендегілердің әрекеттері үшін пайларды ұстаушылардың алдында жауапты емес:

1) өздері шығарған (ұсынған) қаржы құралдары (қордың активтеріне кіретін активтер) бойынша төлем жасамағаны үшін эмитенттердің (ұйымдар, инвестициялық қорлар);

2) есептелген дивидендтер, сыйақылар және өзге де кірістер сомасынан салықтарды және кез келген басқа да ақшалай сомаларды заңсыз ұстағаны үшін салық агенттерінің (эмитенттердің және активтерді шығарған (ұсынған) тұлғалардың атынан).

9. Форс-мажор

9.1 Тараптардың ешқайсысы осы Шарт бойынша өз міндеттемелерін толық немесе ішінара орындамағаны үшін, егер мұндай орындамау Тарап алдын ала көре алмаған немесе болдырмауға болмайтын форс-мажорлық жағдайлардың, соның ішінде (бірақ олармен шектелмей) табиғи апаттардың, өрттердің, осы Шарттың қолданылу кезеңінде кез келген уақытта туындаған ереуілдердің, соғыс қимылдарының, төтенше ауа райы жағдайларының, қолданыстағы заңнамадағы өзгерістердің, қаржы құралдарының және Қордың басқа да активтерінің нарықтық бағасы ауытқуының салдары болып табылса, жауапкершілік көтермейді.

Мұндай мән-жайларға, Тараптар, сондай-ақ мемлекеттік органдар мен басқару органдарының (соның ішінде мемлекеттік бағалы қағаздар эмитенттері болып табылатын мемлекеттік органдарды немесе мемлекеттің қатысуы бар кәсіпорындарды қайта ұйымдастыру, олар бойынша төлемдерді тоқтата тұру және өтеуді кейінге қалдыру туралы шешімдер қабылдау) міндеттемелерді орындау жағдайларын айтарлықтай нашарлататын немесе Тараптардың Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындауын немесе уақытылы мүмкін етпейтін әрекеттерін, оның ішінде қордың активтерін құрайтын қаржы құралдарымен мәмілелер жасау мүмкін еместігін, сондай-ақ сауда-саттықты ұйымдастырушылардың, депозитарийлердің, клирингтік палаталардың және сауда жүйелеріндегі сауда-саттық процесіне қызмет көрсететін өзге де субъектілердің есеп айырысу, сауда-саттықты, клирингтік, депозитарлық операцияларды тоқтатуын, тоқтата тұруын, бағалы қағаздар тізілімдерін қалыптастыруды, сақтауды және жүргізуді жүзеге асыратын бағалы қағаздар нарығына кәсіби қатысушылардың заңсыз әрекеттерін жатқызады.

9.2 Егер еңсерілмейтін мән-жайлардың кез келгені Тараптың осы Шартта белгіленген мерзімде өз міндеттемелерін орындауына тікелей әсер еткен болса, онда бұл мерзім сәйкесінше еңсерілмейтін жағдайдың әрекет ету мерзіміне пропорционалды түрде кейінге қалдырылады.

9.3 Пайлары ұстаушылар қор активтерінің нарықтық бағасы және бұл бағалардың өзгеруі басқарушы компанияның бақылауынан тыс екенін толық түсінеді және келіседі. Пайларды ұстаушы басқарушы компанияның шешімі бойынша сатып алынған активтерге нарықтық бағалардың өзгеруіне байланысты орын алған активтер құнының төмендеуі еңсерілмейтін күштің жағдай болып табылатынымен келіседі және басқарушы компания бағалардың мұндай өзгеруіне жауапкершілікті көтермейді.

10. Басқарушы компанияның қор активтерін

басқа басқарушы компанияның басқаруына беруі

10.1 Қордың активтерін басқа басқарушы компанияның басқаруына беру немесе оның жұмыс істеуін тоқтату, егер басқарушы компания қордың активтерін одан әрі басқару Шарт бойынша қабылданған міндеттемелерін одан әрі орындау мүмкін еместігіне байланысты одан әрі орындаудан бас тарту туралы шешім қабылдаған жағдайда, сондай-ақ инвестициялық портфельді басқаруға лицензияның қолданылуы тоқтатыла тұрған немесе қайтарып алынған жағдайда жүзеге асырылады.

10.2 Басқарушы компания Шартты бұзу және қор активтерін басқа басқарушы компанияның басқаруына беру күніне дейін бір айдан кешіктірмей қордың активтерін басқарудан бас тарту туралы шешімі туралы қордың пайларын ұстаушыларды Қордың ережесінде және Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген шарттармен және тәртіппен хабардар етуге міндетті.

10.3 Егер басқарушы компания қордың активтерін басқарудан бас тарту немесе лицензияның қолданылуын тоқтата тұру немесе айыру туралы шешім қабылдаса, қордың пайларын ұстаушылар өздеріне тиесілі пайларды сатып алуды ұсынуға құқылы.

10.4 Егер қордың акцияларын сатып алу нәтижесінде оның активтері қорды басқа басқарушы компанияның басқаруына қабылдауы үшін жеткіліксіз болып шықса немесе қор активтерінің мөлшері Қазақстан Республикасының заңнамасында анықталған ең төменгі мөлшерден төмен болып шықса, қор өзінің қызметін тоқтатады.

10.5 Қордың активтерін беру басқарушы компанияның және жаңадан сайланған басқарушы

компанияның қордың кастодиандағы шотынан үзінді көшірмені және кастодианның сақтауына тапсырылған қордың жекелеген активтеріне құқықтарын растайтын, сондай-ақ қордың активтерін қабылдау-тапсыру актісіне қол қою кезінде басқарушы компанияда болатын қордың басқа да құжаттары сақтауға тапсырылған бастапқы құжаттардың тізбесін бере отырып, қабылдау-тапсыру актісіне қол қоюымен ресімделеді.

11. Шартты бұзу.

11.1 Пайларды ұстаушылар қордағы өз пайларын сату, иеліктен шығару арқылы осы Шартты кез келген уақытта бұзуға құқылы.

11.2 Басқарушы компания осы Шартты Қордың ережесінде белгіленген тәртіппен бұзуға құқылы.

11.3 Басқарушы компанияның қордың барлық пайларын ұстаушыларының пайларын сатып алуы қордың қызмет етуінің тоқтатылуын білдіреді. Бір пай ұстаушыға тиесілі барлық пайларды сату осы ұстаушы үшін осы Шартты бұзуға әкеп соғады.

11.4 Қордың жұмыс істеуі тоқтатылған кезде оның активтері Қордың ережесінде анықталған тәртіппен сатылуға жатады, ал қордың пайларын ұстаушылар қор активтерін сатудан түскен ақша сомасынан оларға тиесілі пайларға пропорционалды өтемақы алады.

11.5 Басқарушы компания Қордың Ережесіне жаңа Басқарушы компанияны тағайындауға қатысты өзгерістер күшіне енгенге дейін қор активтерін басқаруды жалғастырады. Қордың ережесіне жаңа басқарушы компанияны тағайындау туралы өзгерістердің күшіне ену мерзімі басқарушы компания қордың активтерін сенімгерлікпен басқару шартын бұзу туралы шешім қабылдаған күннен бастап үш айдан аспауға тиіс.

11.6 Қордың активтерін сенімгерлікпен басқару шарты бұзылған кезде басқарушы компания қордың активтерін басқарудың нақты күндерінің саны үшін сыйақы алуға және осындай басқаруға байланысты туындаған барлық шығыстарды Қазақстан Республикасының инвестициялық қорлар туралы заңнамасының тиісті талаптарын сақтай отырып, қор активтерінің есебінен өтеуге құқылы.

12. Қор қызметінің тоқтатылуы

12.1 Қордың қызметін тоқтату Қордың ережесінде анықталған жағдайларда және тәртіппен жүзеге асырылады.

12.2 Қордың қызметін тоқтату үшін бір немесе бірнеше негіздер туындаған кезден бастап кредиторлармен есеп айырысу үшін сатуды, оның қызметін тоқтатуға байланысты шығыстарды төлеуді және қалған ақшаны пайларды ұстаушыларға қайтаруды қоспағанда, қордың активтеріне билік етуге жол берілмейді.

12.3 Қордың қызметін тоқтатуды басқарушы компания немесе кастодиан Қордың ережесінде анықталған жағдайларда және тәртіппен жүзеге асырады.

13. Өзге де ережелер

13.1 Осы Шарт инвестордың қор пайларын сатып алуға өтінім берген және сатып алынған қордың пайларын төлеу үшін ақша енгізген кезден бастап күшіне енеді және қордың қызмет ету мерзімі ішінде немесе осы Шартпен немесе Қордың ережесімен айқындалған тәртіппен оның тоқтатылуына дейін жарамды.

13.2 Осы Шартпен реттелмеген барлық мәселелер бойынша Тараптар Қор Ережесін және Қазақстан Республикасының заңнамасын басшылыққа алады.

13.3 Осы Шарт бойынша және/немесе оған байланысты Тараптар арасында туындайтын барлық дауларды Тараптар келіссөздер арқылы шешеді.

Тараптар өзара келісімге келмеген жағдайда, осы Шарт бойынша және соған байланысты туындайтын даулар мен келіспеушіліктер Қазақстан Республикасының заңнамасында анықталған тәртіппен шешіледі.

7. Қордың инвестициялық декларациясы

Қордың инвестициялық декларациясы:

1. Басқарушы компанияның Қор активтеріне қатысты инвестициялық саясатының мақсаты осындай инвестициялау кезінде тәуекелдің қолайлы деңгейі бар Қордың пайларын ұстаушылар үшін кірістер алу мақсатында Қордың активтерін инвестициялау болып табылады.
2. Қордың активтеріне қатысты басқарушы компанияның инвестициялық саясатының міндеттері:
 - 1) әртүрлі инвестициялық стратегияларды пайдалана отырып, инвестициялық қорлардың активтерін инвестициялау үшін Қазақстан Республикасының заңнамасында рұқсат етілген барлық мүмкін болатын тартымды инвестициялық құралдарға Қордың активтерін инвестициялау;
 - 2) сәйкес және қолайлы тәуекел деңгейімен ең үлкен табыс алу.
3. Қордың активтері төменде көрсетілген қаржы құралдарын құрауы мүмкін:
 - 1) қолма-қол ақша, оның ішінде қазақстандық теңге және Халықаралық валюта қоры Жарғысының 8-бабына қосылған елдердің шетел валютасы;
 - 2) тазартылған бағалы металдар;
 - 3) халықаралық қаржы ұйымдарының бағалы қағаздары;
 - 4) Қазақстан Республикасының мемлекеттік бағалы қағаздары және агенттік облигациялары;
 - 5) шет мемлекеттердің мемлекеттік бағалы қағаздары және халықаралық несие рейтингінің шәкілі бойынша «BB-»-ден, шетел валютасындағы ұзақ мерзімді рейтингі бар мемлекеттердің қаржы агенттіктерінің агенттік облигациялары («Standard & Poor's» немесе «Fitch» рейтингтік агенттіктерінің жіктемесі бойынша) немесе «Ba3»-тен төмен емес («Moody's Investors Service» рейтингтік агенттігінің жіктемесі бойынша);
 - 6) Қазақстан Республикасының екінші деңгейдегі банктеріндегі салымдар;
 - 7) сауда-саттықты ұйымдастырушылардың ресми тізімдерінде тұрған Қазақстан Республикасы эмитенттерінің мемлекеттік емес бағалы қағаздары;
 - 8) сауда-саттықты ұйымдастырушылардың сауда жүйелерінде айналыстағы және эмитенттерінің халықаралық кредиттік рейтинг шәкілі «BB-»-ден, шетел валютасындағы ұзақ мерзімді рейтингі бар мемлекеттердің қаржы агенттіктерінің агенттік облигациялары («Standard & Poor's» немесе «Fitch» рейтингтік агенттіктерінің жіктемесі бойынша) немесе «Ba3»-тен төмен емес («Moody's Investors Service» рейтингтік агенттігінің жіктемесі бойынша);
 - 9) хеджирлеу мақсатында сатып алынған резиденттердің туынды қаржы құралдары;
 - 10) «BB+»-ден («Standard & Poor's» немесе «Fitch» рейтингтік агенттіктерінің жіктемесі бойынша) немесе «Ba1»-ден («Moody's Investors Service» рейтингтік агенттіктерінің жіктемесі бойынша) төмен емес халықаралық кредиттік рейтинг шәкілі бойынша шетел валютасындағы ұзақ мерзімді рейтингі бар хеджирлеу мақсатында сатып алынған бейрезиденттердің туынды бағалы қағаздары.
 - 11) тікелей және кері «РЕПО» операциясы;
 - 12) базалық активі сауда-саттықты ұйымдастырушылардың ресми тізімдеріндегі Қазақстан Республикасы эмитенттерінің бағалы қағаздары болып табылатын депозитарлық қолхаттар;
 - 13) базалық активі халықаралық кредиттік рейтинг шәкілі бойынша кемінде «BB-»-ден (Standard & Poor's немесе Fitch рейтингтік агенттіктерінің жіктемесі бойынша) немесе немесе «Ba3»-тен төмен емес («Moody's Investors Service» рейтингтік агенттігінің жіктемесі бойынша) шетел валютасындағы рейтингі бар шетелдік эмитенттердің бағалы қағаздары

- болып табылатын депозитарлық қолхаттар;
- 14) интервалды инвестициялық пай қорлардың активтерін инвестициялауға Қазақстан Республикасының заңнамасымен рұқсат етілген өзге де қаржы құралдары;
- 15) бастапқы нарықта сатып алынған бағалы қағаздар.

4. Инвестициялық лимиттер:

Қаржы құралдарының түрлері бойынша инвестициялау лимиттері

Құралдар	Басқарудағы қорлар
Акциялар және АДР/ГДР	ТАҚ 80%-ға дейін
Қарыздық бағалы қағаздар	ТАҚ 80%-ға дейін
Қазақстан Республикасының мемлекеттік бағалы қағаздары	ТАҚ 100%-ға дейін
Депозиттер	ТАҚ 100%-ға дейін
кері РЕПО операциялары (орталық контрагенттің қатысуымен жасалған)	ТАҚ 80%-ға дейін
Ақша	ТАҚ 100%-ға дейін
Exchange Traded Funds (Эксчейндж Трэдэд Фандс) пайлары, солар бойынша баға құрау қор индекстеріне байланысты	ТАҚ 100%-ға дейін
Өзгесі	ТАҚ 20%-ға дейін

Белгілі бір мемлекеттің резиденті болып табылатын эмитенттердің қаржы құралдарына инвестициялау лимиттері («елге лимит»):

Елдер	Басқарудағы қорлар
S&P шәкілі бойынша «AAA»-дан «A»-ге дейінгі рейтингі немесе Қазақстан Республикасын қоса алғанда, халықаралық рейтинг агенттіктерінің басқа агенттіктерінің бірінің осыған ұқсас деңгейі бар елдер	ТАҚ 100%-ға дейін
S&P шкаласы бойынша «BBB+»-тен «B»-ге дейінгі рейтингі немесе Қазақстан Республикасын қоспағанда, халықаралық рейтингтік агенттіктердің басқа агенттіктерінің бірінің осыған ұқсас деңгейі бар елдер	ТАҚ 80%-ға дейін

5. Қор активтерінің құрамында мыналар болмауы тиіс:

- 1) қордың басқарушы компаниясы басқаратын инвестициялық қорлар шығарған акциялар немесе пайлар;
 - 2) Қордың басқарушы компаниясы шығарған (ұсынған) активтер;
 - 3) коммерциялық емес ұйымдардағы акциялар немесе қатысу үлестері;
 - 4) Қазақстан Республикасының мемлекеттік бағалы қағаздарын және Қазақстан Республикасы қаржы агенттіктерінің агенттік облигацияларын қоспағанда, олардың жалпы санының он бес және одан да көп пайызы мөлшерінде бір заңды тұлғаның бір түрінің қаржы құралдары.
6. Қордың акцияларын бастапқы орналастыру мерзімі аяқталғанға дейін оның активтерін бағалы

қағаздары қордың басқарушы компаниясымен үлестес емес, бағалы қағаздары аукционды ұйымдастырушының жоғары санатты тізіміне енгізілген екінші деңгейдегі банктердің Қазақстан Республикасының ұлттық валютасындағы депозиттеріне ғана инвестициялауға болады.

7. Бір тұлға және оның үлестес тұлғалары шығарған (ұсынған) қаржы құралдарына (ақшаны қоспағанда) инвестициялық қордың активтері есебінен инвестициялардың жалпы сомасы таза активтердің 20 (жиырма) пайызынан аспауға тиіс.

Осы тармақта белгіленген шектеулер Қазақстан Республикасының мемлекеттік бағалы қағаздарына, сондай-ақ осы Қағидалардың 7-1-тармағында көрсетілген тұлғалар шығарған (ұсынған) қаржы құралдарына қолданылмайды.

- 7-1. Дауыс беретін акцияларының елу пайызынан астамы мемлекетке немесе ұлттық басқарушы холдингке немесе ұлттық холдингке ұлттық экономиканың бір секторында жұмыс істейтін оның еншілес ұйымдарына тиесілі бір тұлға шығарған (ұсынатын) қаржы құралдарына инвестициялық қордың активтері есебінен инвестициялардың жалпы сомасы таза актив құнының отыз пайызынан аспауға тиіс.

8. Қор активтерін және басқарушы компания басқаратын басқа да инвестициялық қорларды, сондай-ақ басқарушы компанияның қаржы нарығы лицензиаттарының дауыс беретін акцияларына инвестициялаудың жалпы көлемі қаржы нарығы және қаржы ұйымдары (бұдан әрі – уәкілетті орган), оларды сатып алу үшін реттеуші және қадағалауды жүзеге асыратын мемлекеттік органның келісімін талап ететін сомадан аз болуға тиіс.

9. Басқарушы компания кез келген мәмілелер мен әрекеттерді, оның ішінде оларды қайта сату (сатып алу) міндеттемесі бар активтерді сатып алу (сату) мәмілелерін, сондай-ақ ұйымдастырылмаған нарықта бағалы қағаздар бойынша кез келген мәмілелерді жасау арқылы Қор активтерін сенімгерлік басқаруды жүзеге асыруға, Қор Ережесіне және Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес сенімгерлікпен басқарушының құқықтарын жүзеге асыруға құқылы құқылы.

10. Басқарушы компанияның Қорға және оның активтеріне қатысты мыналарға құқығы жоқ:

- 1) нәтижесінде Қазақстан Республикасының заңнамасында, инвестициялық декларацияда немесе Қордың ережесінде белгіленген талаптар бұзылатын мәмілелер жасауға;
- 2) Қордың активтерін өтеусіз иеліктен шығару туралы инвестициялық шешімдер қабылдауға;
- 3) өз міндеттемелерін немесе Қордың активтерін басқару қызметіне байланысты емес үшінші тұлғалардың міндеттемелерін орындауды қамтамасыз ету үшін Қордың активтерін пайдалануға;
- 4) өз активтерін Қордың активтеріне сатуға (беруге);
- 5) активтерді несиеге сату;
- 6) сауда-саттықты ұйымдастырушылардың сауда жүйелерінде қаржы құралдарымен мәмілелер Қордың Ережесіне сәйкес жасалған жағдайларды қоспағанда, қарыз шарттарының талаптары бойынша Қордың активтері есебінен қайтарылуға жататын ақшаны немесе өзге де мүлікті алуға немесе Еженің осы бөлімінің 10-тармағында көзделген шарттарды сақтай отырып, осы ақша нысанындағы Қордың активтері жеткіліксіз болған жағдайда, қордың пайларын сатып алу үшін қарыз ақшаны пайдалануға;
- 7) Қордың Ережесіне сәйкес шығыстарды өтеу және сыйақы алу, сондай-ақ басқарушы компанияның акцияларын өтеу үшін пайдаланған ақша сомасын өтеу жағдайларын қоспағанда, Еженің осы бөлімінің 10-тармағында көрсетілген шарттарды сақтай отырып өзі басқаратын Қордың активтерін сатып алуға;
- 8) ашық сауда әдістерін пайдалана отырып, сауда-саттықты ұйымдастырушылардың сауда жүйелерінде жасалған мәмілелерді қоспағанда, Қор активтерінің құрамында өзі басқаратын басқа инвестициялық қордың активтерін сатып алуға;

- 9) ашық сауда әдістерін пайдалана отырып, сауда-саттықты ұйымдастырушының сауда жүйелерінде жасалған мәмілелерді қоспағанда, өздерінің үлестес тұлғаларынан Қордың активтері есебінен инвестициялау объектілерін сатып алуға немесе оларға Қордың активтерін сатуға;
 - 10) ұйымдастырылмаған бағалы қағаздар нарығында Қор активтерінің құрамында кастодиан, Қордың пайларын акцияларын ұстаушылар тізілімін жүргізетін тіркеуші, сондай-ақ олардың үлестес тұлғалары шығарған бағалы қағаздарды сатып алуға;
 - 11) қамтамасыз етусіз мәмілелерді («қысқа мерзімді сату») жасауға немесе мұндай міндеттемелерді қабылдау кезінде Қор активтерінің құрамына кірмейтін активтерді беру бойынша міндеттемелерді қабылдауға;
 - 12) уәкілетті орган белгілеген тәртіппен Қордың активтерін хеджирлеу мақсатында жасалған мәмілелерді, сондай-ақ депозитарлық қолхаттарымен және базалық актив эмитентінің опционымен операцияларды қоспағанда, туынды бағалы қағаздармен және туынды қаржы құралдарымен мәмілелер жасауға;
 - 13) жарнамада және бұқаралық ақпарат құралдарында бір жылдан аз кезеңдегі Қордың инвестициялық қызметінің табыстылығы туралы ақпаратты көрсетуге.
11. Қор активтерінің есебінен өтеуге жататын берешектің жалпы сомасы пайларды сатып алу үшін алынған қарыздардың кез келген түрлері бойынша Қордың таза активтері құнының он пайызынан аспауға тиіс.
- Пайларды сатып үшін қарыз қаражатын тарту мерзімі (ұзарту мерзімін қоса алғанда) үш айдан асуы мүмкін емес.
- Қордың акцияларын сатып алуға арналған қарыз ақшаны пайдаланғаны үшін сыйақы төлеу басқарушы компанияның өз қаражаты есебінен жүзеге асырылады.
12. Қор активтерін хеджирлеу және әртараптандыру шарттары:
- 1) Қордың инвестициялық портфелі бойынша тәуекелді бөлу, инвестициялық тәуекелдерді мүмкін болатын минимумға дейін төмендету мақсатында Қордың активтері әртүрлі қаржы құралдарына және әртүрлі елдер экономикасының әртүрлі салаларындағы әртүрлі кәсіпорындардың активтеріне инвестициялауға жатады;
 - 2) Қордың активтері есебінен жүзеге асырылатын негізгі инвестициялар бойынша тәуекелдерді азайту мақсатында бағалардың, айырбас бағамдарының, пайыздық мөлшерлемелердің немесе қаржы құралдарымен және олардың туынды құралдарымен мәмілелер жасау арқылы Қор активтері бойынша кірістердің немесе залалдардың пайда болуы ықтимал өзге де көрсеткіштердің өзгеруі кезінде Қордың активтерін хеджирлеу немесе мүліктік мүдделерді тәуекелдерден қорғау жүзеге асырылады.
13. Қордың пайларына инвестициялау кезіндегі, оның ішінде инвестициялық декларацияда көрсетілген объектілерге Қор активтерін инвестициялаумен байланысты инвесторлардың тәуекелдерін сипаттау.
- Қордың инвестициялық декларациясына сәйкес Қордың акцияларына, қаржы құралдарына және басқа да мүлкіне инвестициялау тәуекелдің жоғары дәрежесімен байланысты және инвестицияланған негізгі соманы қайтару немесе қандай да бір кіріс алу кепілдіктерін білдірмейді. Қаржы құралдарына және басқа да мүлікке инвестициялау тәуекелдеріне келесі тәуекелдер жатады, бірақ олармен шектелмейді:
- 1) саяси жағдайдың өзгеруі, экспроприациялау, мемлекет меншігіне алу, экономиканың ерекше мемлекеттік мүдделер саласына жататын салаларына инвестицияларды шектеуге бағытталған саясатты жүргізу мүмкіндігіне, энергия ресурстарына бағаның төмендеуіне және басқа да жағдайларға байланысты саяси және экономикалық тәуекелдер;
 - 2) қаржылық институттардың үлкен санының өз міндеттемелерін орындай алмауымен байланысты жүйелі тәуекел, оның ішінде банк жүйесінің тәуекелі;

- 3) валюта бағамдарының, пайыздық мөлшерлемелердің, қаржы құралдарының және басқа да мүліктің (мүліктік құқықтардың) бағасының ауытқуымен байланысты нарықтық тәуекел;
 - 4) активтер құнының төмендеуіне әкеп соғуы мүмкін мүлікке (мүліктік құқықтарға) бағаның өзгеруінен, кәсіпорындардың акциялары мен мемлекеттік бағалы қағаздарға бағалардың өзгеруінен көрінетін баға тәуекелі;
 - 5) үшінші тұлғалардың мүлікке (мүліктік құқықтарға) қатысты рұқсат етілмеген әрекеттерінің тәуекелі;
 - 6) бағалы қағаздар эмитенттері мен мәмілелер бойынша контрагенттер тарапынан қабылданған міндеттемелерді орындау мүмкін еместігімен байланысты кредиттік тәуекел;
 - 7) активтерді қолайлы бағамен сатудың ықтимал мүмкін еместігімен байланысты нарықтық өтімділік тәуекелі;
 - 8) операцияларды өңдеу кезінде пайдаланылатын жабдықтың және бағдарламалық қамтамасыз етудің дұрыс жұмыс істемеуі мүмкіндігіне, сондай-ақ Қордың жұмыс істеуін қамтамасыз ету процесіне қатысатын ұйымдар персоналының дұрыс емес әрекеттеріне немесе әрекетсіздігіне байланысты операциялық тәуекел;
 - 9) нарықтағы міндеттемелерді орындау үшін қажетті тауарлардың, жұмыстардың немесе көрсетілетін қызметтердің болмауымен (жеткіліксіздігімен) байланысты кәсіпкердің тәуекелі;
 - 10) Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасын немесе халықаралық шарттарды өзгертуге байланысты тәуекел;
 - 11) дүлей апаттар, табиғи құбылыстар, өрттер, соғыс қимылдары, блокадалар, экспортқа немесе импортқа тыйым салулар және т.б. секілді төтенше немесе еңсерілмейтін (форс-мажорлық) жағдайлардың туындау тәуекелі.
14. Қолданыстағы заңнамамен және осы Ережемен анықталған шектеулер бұзылған кезде, басқарушы компанияға байланысты емес мән-жайлар бойынша (нарықтағы жағдайдың күрт өзгеруі, қор активтерінің азаюы және т.б.) басқарушы компания бір жылдан аспайтын мерзімде туындаған бұзушылықтарды жоюға міндетті.
15. Басқарушы компания болашақта Қордың кірісіне кепілдік бермейді, ал Қордың пайларын сатып алу туралы шешімді инвестор осы Қордың ережесімен танысып, тиісті тәуекелдерді бағалағаннан кейін дербес қабылдайды.
- Кез келген тұлғалардың Қор үлестерінің құнының болашақта ұлғаюы туралы мәлімдемелері тек жорамал ретінде қарастырылуы мүмкін.
- Қор активтерінің құны және сәйкесінше Қор пайларының есептік құнының артуы және кемуі мүмкін.

8. Қордың активтерін инвестициялық декларацияның талаптарына сәйкес келтіру тәртібі мен мерзімдері

Қордың активтерін, Қордың пайларын бастапқы орналастыру аяқталғаннан кейін бір жыл ішінде пайларды төлеу үшін алынған ақшаны қаржы құралдарына инвестициялау арқылы, инвестициялық декларацияның талаптарына сәйкестендіру жүргізіледі.

9. Қор жұмыс істейтін мерзім

1. Қор мерзімі шектелмеген кезеңге құрылады.
2. Басқарушы компанияның шешімі бойынша Қордың қызмет ету мерзімі шектелуі мүмкін.

10. Қорды басқарушы компанияның құқықтары мен міндеттері

1. Басқарушы компания Қордың ережесінде, Заңда және уәкілетті органның нормативтік құқықтық актілерінде белгіленген талаптарға сәйкес іс-әрекеттер жасау арқылы Қордың пайларын ұстаушылардың мүдделерінде Қорды сенімгерлік басқаруды жүзеге асырады.

2. Қордың басқарушы компаниясы Қор активтерінің құрамына кіретін дауыс беретін бағалы қағаздарды ұстаушылардың жалпы жиналыстарында Қордың пайларын ұстаушылардың өкілі болып табылады.

3. Қордың Басқарушы компаниясы Заңда және осы Ережеде белгіленген шарттармен және тәртіппен Қор туралы ережеге өзгерістер мен толықтырулар енгізуге құқылы.

4. Басқарушы компания Қордың активтерін сенімгерлікпен басқару жөніндегі қызметке байланысты Қордың пайларын ұстаушылардың өкілі ретінде әрекет етуге, сондай-ақ пайларды ұстаушылардың мүдделері үшін сотқа талап қоюға құқылы.

5. Қордың мүлкі жеткіліксіз болған жағдайда, Қордың мүлкін тиісінше басқарудан туындайтын берешектерді өндіріп алу тек басқарушы компанияның өз мүлкіне ғана бағытталуы мүмкін.

6. Қордың басқарушы компаниясы мыналарға:

1) Қор активтерінің құнын бағалауды, қозғалысын, құрамын және құнын есепке алуды жүзеге асырады, сондай-ақ акцияларды кейіннен орналастыру кезінде олардың құнын есептейді;

